



№ 32 «Қуаныш» МДҰ-ның
менгерушісі
А.Е. Ескалиева

**Балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық
Жаз мерзімінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау**

2020-2021 оқу жылы

Ақтөбе қаласы

2021 жыл

**№ 32 «Қуаныш» МДҰ – ның педагог – тәрбиешілеріне арналған
әдістемелік нұсқаулық**

«Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын
ұйымдастыру»

Балабақша қызметкерлерінің алдында тұрған ең басты мәселе жазғы уақыт МДҰ тәрбиеленушілерінің шынығатын мезгілі. Сондықтан МДҰ тәрбиеленушілерінің таңертең таза ауада қабылданып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, серуендер, қимылды ойындар далада өткізіліп тұруы керек. Жаз бұл балалардың әдеби-эстетикалық, коммуникативтік дағдыларын дамытуға ең қолайлы кезең.

Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының табысты болуы-МДҰ ұжымының қаншалықты білімділікпен, жоспарланған оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын уақытында дайындап, тәрбиеленушілермен жұмыс жасай білуіне байланысты болады.

Жазғы жұмыс жоспары ҰОҚ кестесі педагогикалық кеңесте бекітіледі. Барлық қызметкерлермен «МДҰ да жазғы уақытта балалар өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі» «Техникалық қауіпсіздігі жөнінде инструктаж» және жаңадан МДҰ ға келген қызметкерлерге қосымша бұйрық инструктаж өткізіледі.

1. Балалардың күні бойы топта болу кезінде ауа жылу тәртібін сақтау.
2. Балалар жоқ кезде ғана бөлмені желдету. Топ бөлмесінде балалар ұйықтап жатқан немесе серуендеу кезінде желдету.
3. Балаларды серуендеуге ұйымдасқан түрде шығару, баспалдақтан түсу кезінде қауіпсіздік техниксын сақтау, балалар төменгі белдеуден ұстауы, бірін-бірі итермеуі және бір-бірінен озбауы тиіс.
4. Балалар серуендейтін жер алдын-ала қауіпті заттар мен улы өсімдіктердің болу жағдайына арнап тексерілуі керек, учаскедегі жабдықтар ойнау үшін қауіпсіз болуы, шегелердің шығып тұрмауы, тақтайлар сынуға дайын тұрмауы қажет.
5. Құмдағы құм таңғы және кешкі серуеннен соң міндетті түрде аударылып, конус тәрізді пішінге жинастырылуы тиіс.
6. Балалар құммен ойнаған кезде, құмды бір-біріне лақтырмауын қадағалау керек. Балаларға құм көздеріне түсуі мүмкін екендігін ескерту
7. Балалар бассейінде қатаң кесте бойынша шомылуы керек.
8. Тәрбиеші мен медицина қызметкердің қатысуы мен ғана балалар суға шомылуы тиіс.
9. Балалар шомылған кезде шомылу мен демалуды кезек-кезек жүргізу керек. Уақыт мөлшерін сақтау қажет.
10. Ыстық уақытты күн өтуден сақтану үшін балалардың жұмсақ әрі жеңіл бас киімдері болуы тиіс.
11. Балалар әткеншек пен сырғанақ тебу, арқанға ,баспалдаққа өрмелеу кезінде , міндетті түрде оларды сақтандыру керек.
12. Ыстық уақытты су ішу тәртібін сақтау қажет: балалар шөлдегенде салқындатылған қайнаған су немесе жеміс шырынын беру керек.
13. Баланың бойымен деңгейлес биіктікте шеге және ілгек қағуға, бөлмені безендіру кезінде бекіткен, өткір заттарды пайдалануға тиым салынады.
14. Бөлме өсімдіктерінің астындағы туғырлар қозғалмайтын болуы тиіс, шешінетін шкафтарға, топтық және дәретхана бөлмелерінде гүл түбіртектерін қондыруға болмайды.
15. Ешбір жағдайда балаларды қараусыз жалғыз қалдыруға болмайды.
16. Балалар мен ата-аналарға дәрілік препараттарды (витамин, сироп) әкелу мен беруге рұқсат етпеу.
17. Балаларды қабылдап алу кезінде олардың қолында бала өмірі мен денсаулығына қауіпті қажетсіз заттардың болмауын қадағалау(темір, теңгелер, түймелер, түйреуіштер, сақиналар)
18. Балалар топта болған кезде дәретханада, топта және жатын бөлмеде терезелерді ашық қалдырмау
19. Балалардың сабақ өтуіне қажет барлық жабдықтарды , қауіп тудыратын заттарды, дизенфекциялаушы ерітінділер мен жуу құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау.

- 20.Балаларды балабақшада болу кезінде туындауы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы үнемі ескертіп отыру.
- 21.Балабақша аумағынан тыс жерде экскурсия мен серуен өткізу бойынша нұсқауды сақтау.